

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробацация қызметінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 157 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 сәуірде № 7592 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2014.08.15 № 511 (01.01.2015 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 182-бабын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасын басшылыққа алып,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару инспекциясының пробацация қызметінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М.Бердалин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның алдағы уақытта ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсінде орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыстар, Астана қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бастықтары қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметкерлерімен осы Қағиданы зерделенуін ұйымдастырсын және талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-майор А.Ж.Күреңбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М.Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты *Қ. Қасымов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ҚАК) 182-бабын іске асыру мақсатында әзірленді және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру мен олардың шартты түрде сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Пробациялық бақылауды жүзеге асыру заңды күшіне енген сот үкіміне, қаулысына, анықтамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Сынақ мерзімі кезеңіндегі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетумен соттармен шартты түрде сотталғандарға жүктелген міндеттерін және олардың тәртібін орындау үшін пробациялық бақылауды, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметімен (бұдан әрі – Пробация қызметі) есепке алу жүзеге асырады.

Шартты түрде сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 182-бабының 6-тармағына сәйкес анықталады.

4. Пробациялық бақылаудың мақсаты заң немесе сот белгілеген міндеттердің орындалуын бақылау арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, қылмыстық әрекетті қайта жасауды болдырмау, шартты түрде сотталғандардың жалпыға танылған әлеуметтік, моральдық және құқықтық нормаларды сақтауы болып табылады.

5. Аумақтық Пробация қызметтері:

1) прокуратура бөліністерімен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен, сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

2) сотқа:

іздістіру жариялау және бұлтартпау шарасын таңдау мәселесін қоя отырып, бақылаудан жасырынған сотталғандарға қатысты сынақ мерзімін ұзарту, күшейтілген пробациялық бақылау белгілеу, шартты түрде соттаудың күшін жою

т у р а л ы ;

шартты түрде соттаудың күшін жою және соттылықты алып тастау туралы; кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің жариялануы салдарынан жазадан босату немесе жазасын жеңілдету туралы мәселелерді шешу үшін ұсыным енгізеді;

3) сот үкімі келіп түскен күннен бастап бір тәулік мерзімде (демалыс және мейрам күндерін есептемегенде) сотталғандардың деректерін ақпараттық деректер базасына енгізіп, оларды есепке алуды жүзеге асырады, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда оларды уақтылы түзетуді жүргізеді;

4) ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ИО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі – ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша сотталған адамдарды тексеруді жүзеге асырады;

5) тоқсанына кемінде бір рет (қалада және аудандық орталықта кемінде айына бір рет) тұрғылықты және жұмыс орны бойынша сотталғандармен профилактикалық жұмыс (әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмысқа, сондай-ақ жазаны өтеу жағдайларын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесулер өткізу) жүргізеді;

6) тоқсан сайын орындауға келіп түскен үкімдер бойынша сотпен салыстыра тексеру жұмысын жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыра тексеру актісін жасайды;

7) сотталғандар туралы қойылған хабарламалар бойынша тоқсан сайын ҚСЖАЕК-ның аумақтық басқармасымен салыстыра тексеру жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыра тексеру актісін жасайды;

8) іздестірудегі адамдардың тізімдері бойынша жедел-іздестіру бөліністерімен ай сайын салыстыра тексеру жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыра тексеру актісін жасайды;

9) есепке алынған және шығарылған күзет карточкалары бойынша көші-қон полициясы бөліністерімен тоқсан сайын салыстыра тексеру жүргізеді, ол туралы осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада салыстыра тексеру актісін жасайды;

10) учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың хабардар болуын арттыру үшін Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың тізімдерін ай сайын қоғамдық қауіпсіздік бөліністеріне жолдайды;

11) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге заңсыз шығу

фактілерінің жолын кесу мақсатында есепте тұрған және есептен шығарылған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандардың, сондай-ақ шетел азаматтарының тізімдерін ай сайын көші-қон полициясы бөліністеріне ж о л д а й д ы ;

12) орналасқан жері белгісіз, есепте тұрған адамдарды іздестіру бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді;

13) бақылау істерінің сақталуына дербес жауап береді;

14) сотталғандарды есептен шығарады;

15) құжаттармен мынадай операциялар:

кіріс және шығыс хат-хабарлар құжаттарын тіркеуді;

құжаттардың орындалуын бақылауды;

құжаттарды жедел сақтау мен пайдалануды;

құжаттарды ведомстволық мұрағатқа сақтауға беруді жүргізеді;

16) мөрлер мен мөртабандары болады, олар сейфтерде немесе мөрленетін өртке төзімді металл шкафтарда сақталады.

6. П р о б а ц и я қ ы з м е т і :

шартты түрде сотталғандарды есепке алуды;

соттармен шартты түрде сотталғандарға жүктелген міндеттерін орындау және тұрғылықты жері бойынша олардың тәртібін бақылауды;

шартты түрде сотталғандарды есептен алуды жүзеге асырады.

2. Шартты түрде сотталғандарды Пробация қызметінің есебіне қою тәртібі

7. Пробация қызметі үкімді тіркеу кезінде:

1) үкімнің көшірмесін қосымшаларымен бірге келіп түскен күні кіріс құжаттарының журналына тіркейді, содан кейін сотталған адамның деректерін нөмірленген, бауланған және мөрмен мөрленген шартты түрде сотталғандарды есепке алу журналына осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізеді. Шартты түрде сотталғандардың және түзеу мекемелерінен келген адамдардың тұрғылықты жерінің өзгеруіне байланысты басқа пробация қызметтерінен келіп түскен бақылау істері де осындай тәртіппен тіркеледі.

Үкімнің көшірмелерінде жазаны орындауға кедергі келтіретін түсініссіздіктер , қателер анықталған жағдайда, сотталғандарды есепке алу журналына тіркеместен үкім дереу сотқа қайтарылады;

2) шартты түрде сотталғанды есепке қойған сәттен бастап бір тәулік мерзімде :

үкімді шығарған сотқа немесе сотталғанды босатқан түзеу мекемесіне сот шешімінің орындауға қабылданғандығы туралы хабарламаны осы Қағидаға 6-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдайды;
осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-мерзімдік
карточка толтырады, оны Пробация қызметінің тиісті картотекасына салады;
осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде сотталғанды
тіркеу есебінен шығаруды бақылау және тұрғылықты жерін өзгертуі туралы
Пробация қызметін ақпараттандыру үшін күзет карточкасын толтырады және
көші-қон полициясы бөліністеріне тапсырады, екінші данасы картотекаға
с а л ы н а д ы ;

осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу парағын және осы
Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау ісін бастайды.

8. Бақылау ісінің және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері
шартты түрде сотталғандарды есепке алу журналына тіркеген үкімнің нөміріне
с ә й к е с б о л у ы к е р е к .

9. Шартты түрде сотталғанның бақылау ісі екі бөлімнен тұрады:
бірінші бөлімге есепке қою үшін негіз болатын құжаттар (үкім, ұйғарым,
қаулы, заңды күшіне енгендігі туралы анықтама), хабарламалардың көшірмелері,
тіркеу парағы және істі зерделеу бойынша тексерушіге белгі қоюға арналған
ж е к е п а р а қ т і г і л е д і ;

екінші бөлімге жазаның орындалу процессін ұйымдастыруға және жүзеге
асыруға қатысты сипаттамалық құжаттар тігіледі. Барлық құжаттар
хронологиялық ретпен тігіліп, нөмірленіп, тізімдемеге енгізілуі тиіс.

10. Сотталғанды есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Пробация
қызметі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843
болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2004 жылғы 29
сәуірдегі № 23 бұйрығымен (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы БП бұйрығы)
бекітілген Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану
қағидасына 5-қосымшаға сәйкес сотталған туралы хабарлама толтырады, ал
басқа облыстың соты соттаған адамдарға Қазақстан Республикасы БП бұйрығына
1-қосымшаға сәйкес толтырылған әліпбилік есепке алу карточкасының (бұдан әрі
– 1-Н) бір данасы және сотталған туралы бір хабарлама толтырылады, олар
ілеспе хатпен қоса ҚСЖАЕК-ның аумақтық басқармасына жолданады, ілеспе
хаттың екінші данасы істің бірінші бөліміне тігіледі.

11. Сотталған жазадан босатылған жағдайда немесе оған қатысты үкім
өзгергенде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында
көрсетілген басқа да негіздемелер бойынша есептен шығарылғанда, Пробация
қызметі тиісті құжатты қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСЖАЕК-ның
аумақтық басқармасына сотталғанды есептен шығару негіздемесі немесе оған
қатысты үкімнің өзгергендігі туралы толық мәліметтер көрсетілген сотталған
туралы хабарламаны жолдайды. Хабарламаның көшірмесі хронологиялық ретпен

істің екінші бөліміне тігіледі.

12. Егер сотталған он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін әскери қызметін өтемесе және мерзімді әскери қызметке шақырылатын болса, Пробация қызметі осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы жергілікті әскери басқару органына хабарлама жолдайды.

3. Шартты түрде сотталғандардың жүріс-тұрысын пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

13. Сынақ мерзімі ішінде шартты түрде сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылауды, олардың тұрғылықты жері, жұмыс және оқу орны бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

14. Пробация қызметі пробациялық бақылауда жүрген шартты түрде сотталғанды есепке қою кезінде:

1) оған қатысты пробациялық бақылаудың жүзеге асырылу және тоқтатылу тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркеу үшін Пробация қызметіне келу күнін белгілейді;

2) сот жүктеген міндеттерді орындау, сондай-ақ оларды орындамағаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді.

Бұдан кейін, осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде сотталғаннан қолхат алынады, ол шартты түрде сотталғанның бақылау ісін е тігіледі.

15. Шартты түрде сотталған:

1) Пробация қызметі алдында өзінің жүріс-тұрысы туралы есеп береді;

2) сот жүктеген міндеттерді орындайды;

3) Пробация қызметіне тіркелу үшін айына екі рет, күшейтілген пробациялық бақылау кезінде айына төрт рет, сондай-ақ шақыру бойынша келеді;

4) қаладан немесе ауданнан тыс жерге шығуды жоспарлағаны жөнінде Пробация қызметіне хабарлайды;

5) тұрғылықты жерін Пробация қызметінің рұқсатымен, яғни өзінің хабардар етуімен ауыстырады;

6) Пробация қызметі қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте шағымданады.

16. Пробация қызметінің қызметкері әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуден басқа, сот жүктеген міндеттерді шартты түрде сотталғанның қалай орындайтынын бақылайды.

17. Шартты түрде сотталған пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда, Пробация қызметі оның орналасқан жерін және жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

18. Шартты түрде сотталған әскери немесе балама азаматтық қызметке шақырылған немесе түскен жағдайда, Пробация қызметі жергілікті әскери басқару органына немесе шартты түрде сотталғанның қызмет орнына қызмет атқару кезінде оның жүріс-тұрысына одан әрі бақылауды жүзеге асыру үшін сот үкімінің көшірмесін жолдайды. Егер шартты түрде сотталғанның өтеп жатқан қызметінің аяқталуына орай оның сынақ мерзімі аяқталмаса, әскери бөлімнің қолбасшылығы оның кеткен орны бойынша Пробация қызметіне қызмет мерзімі аяқталғаны жөнінде хабарлама және сот үкімінің көшірмесін жолдайтыны ілеспе х а т т а к ө р с е т і л е д і .

19. Шартты түрде сотталғанға қосымша жаза ретінде қоғамдық жұмыстарға тарту және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған кезде Пробация қызметі жазаның әрбір түрінің талаптарына сәйкес іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

20. Сынақ мерзімі мен пробациялық бақылау кезінде шартты түрде сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) шартты түрде сотталғандармен кемінде айына бір рет профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді;

2) сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпке, имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық және қайта қылмыс жасауды болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды;

3) ай сайын сотталғанды ішкі істер органдарының қолда бар есептері, сондай-ақ аумақтық ҚСЖАЕК есептері бойынша өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағанына, тұрғылықты жерін ауыстырғанына, жаңа қылмыстар жасағанына немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына тексеріс жүргізеді;

4) сотталғандардың жүріс-тұрысына және оларға сот жүктеген міндеттердің сақталуына қатысты құқық қорғау және өзге де органдармен, мекемелермен шартты түрде ақпаратпен алмасуды, бірлескен профилактикалық іс-шаралар жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

21. Пробация қызметі тиісінше бақылауды, сондай-ақ сотталған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алуды қамтамасыз ету үшін электрондық бақылау құралдарын қолданады.

22. Пробация қызметінің бастығы немесе оны алмастыратын адам сотталғанға сот белгілеген шектеулерге сәйкес, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтердің негізінде, сондай-ақ тиісті құралдарды орнатудың техникалық мүмкіндігін негізге алып, сотталғанды жеке есепке қойған кезде, сонымен қатар

бұдан әрі жазаны өтеу кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

23. Сотталғанға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаулымен ресімделеді, ол шартты түрде сотталғанға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте шартты түрде сотталғанға құралды бұзған жағдайдағы жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын қолдануға жауапты Пробация қызметінің қызметкері қаулыны шығарған сәттен бастап, үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдықты орнатуды жүзеге асырады, шартты түрде сотталғанға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды пайдалану жаднамасын қол қойдырып береді.

24. Сот белгілеген шектеулердің сақталуын қадағалауды жүзеге асыру мақсатында Пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын тікелей шартты түрде сотталғанға оның тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша орнатады.

25. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты Пробация қызметінің қызметкері:

1) шартты түрде сотталғандарға белгіленген шектеулерді сақтау туралы мониторинг пультінің деректерін қолдану арқылы ақпарат жинауды жүзеге асырады;

2) электрондық бақылау құралдарын бұзу, рұқсатсыз шешу, сот белгілеген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған кезде, Пробация қызметінің бастығына немесе оны алмастыратын адамға баянатпен баяндайды және осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгі қояды.

Электрондық бақылау құралдарының тоқтап қалуы мен бұзылуының барлық анықталған фактілері туралы тез арада Пробация қызметінің бастығына немесе оны алмастыратын адамға баянатпен баяндайды, осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды қадағалау мен бақылау құралдарының ақауларын есепке алу журналында көрсетеді.

26. Электрондық бақылау құралдарының бұзылған жағдайда оның себебін анықтау және оларды орнына келтіру бойынша шаралар қабылдайды.

27. Шартты түрде сотталғанға қатысты электрондық бақылау құралдарын техникалық себептер бойынша бұдан әрі қолдану мүмкін болмаған жағдайда немесе сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде Пробация қызметінің бастығы немесе оны алмастыратын адам осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізделген тиісті қаулы қабылдай отырып, электрондық бақылау құралдарын қолдануды тоқтатады немесе оларды қолдану тәртібін және қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығын өзгертеді. Электрондық

бақылау құралдарын пайдалануға жауапты Пробация қызметінің қызметкері қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастауды (ауыстыруды) жүзеге асырады.

28. Егер шартты түрде сотталған бұзу фактісін теріске шығарған жағдайда, Пробация қызметі электрондық бақылау құралдары арқылы алынған заң бұзушылыққа жол берілген факті туралы мәліметті зерделеу арқылы тексеріс жүргізеді.

29. Шартты түрде сотталған электрондық бақылау құралдарын бұзған (жарамсыз еткен) жағдайда осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақт ж а с а л а д ы .

Бұзу және жарамсыз ету себебін анықтау үшін Пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын облыстық Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің техникалық қызмет бөліміне жолдайды.

30. Шартты түрде сотталғанның бақылау ісінің екінші бөліміне онымен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы анықтамалар және шартты түрде сотталғанның жүріс-тұрысына қатысты барлық материалдар, сондай-ақ шартты түрде сотталғанның түсініктемелері мен басқа да құжаттар қоса тіркеледі .

31. Егер шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі және пробациялық бақылау аяқталғанға дейін өзінің жүріс-тұрысымен түзелгенін дәлелдесе, онда белгіленген сынақ мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде Пробация қызметі осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа ұсыным енгізеді.

Ұсынымда шартты түрде сотталғанның жеке басын, оның жүріс-тұрысын сипаттайтын деректер баяндалады және шартты түрде соттаудың күшін жою мен сотталған адамнан соттылықты алып тастау жөнінде мәселе қойылады.

32. Егер шартты түрде сотталған адам өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, электрондық бақылау құралдарын қасақана бүлдірген, сонымен қатар дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген, Пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған, сондай-ақ оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған жағдайда Пробация қызметі осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа сынақ мерзімін ұзарту және күшейтілген пробациялық бақылау тағайындау т у р а л ы ұ с ы н ы м е н г і з е д і .

Бұдан басқа, осы тармақта көрсетілген заң бұзушылықтарға қайта жол берген, бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тартқан, сол секілді оларды қорлаған не оларға қатысты күш қолданамын деп қорқытқан жағдайда, осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес

шартты түрде сотталғанға шартты түрде соттаудың күші жойылуы мүмкін болатыны туралы жазбаша ескерту шығарады.

33. Шартты түрде сотталған сынақ мерзімі ішінде осы Қағиданың 32-тармағында көрсетілген заң бұзушылықтарды қайта жасаған, шартты түрде сотталғанның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тартқан, сол секілді оларды қорлаған не оларға қатысты күш қолданамын деп қорқытқан, не болмаса шартты түрде сотталған бақылаудан жасырынған жағдайда, осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа шартты жазаның күшін жою туралы ұсыным ж о л д а н а д ы .

34. Ұсынымға сотталғанның жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен берілген мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің шартты түрде сотталғанның жүріс-тұрысы, оның тұрмыс салты жөніндегі баянаты, шартты түрде сотталғанның түсініктемелері және басқа да құжаттар қоса тіркеледі.

35. Пробация қызметіне тіркелуге келмеген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен астам уақыт ішінде тұрғылықты жері анықталмаған шартты түрде сотталған пробациялық бақылаудан жасырынған деп танылады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Пробация қызметі бастапқы іздестіру і с - ш а р а л а р ы н жүргізеді.

36. Егер шартты түрде сотталған бақылаудан жасырынған жағдайда, Пробация қызметі сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы тиісті ұсыным жолдайды.

37. Сынақ мерзімі сот шартты түрде сотталғанды іздестіруге жариялау туралы қаулы шығарған сәттен бастап тоқтатылады және соттың шешімімен қ а й т а б а с т а л а д ы .

38. Сынақ мерзімі және пробациялық бақылау мерзімі сот үкімі заңды күшіне енген сәттен бастап есептеледі.

39. Сотқа барлық құжаттар екі данада дайындалады.

4. Кәмелетке толмаған сотталғандарға пробациялық бақылаудың тәртібі

40. Пробация қызметінің қызметкерлері:

1) кәмелетке толмағандар тарапынан қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша жеке профилактикалық жұмыстарды жүзеге а с ы р а д ы ;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын

қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) олардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ескерту мақсатында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды ескерту бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

5) есепке қою кезінде:

кәмелетке толмағандарға ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың қатысуымен профилактикалық сипатта алғашқы әңгімелесулер жүргізеді;

жазаны өтеуді кейінге қалдырудың шарттарын және тәртібін түсіндіреді;

оның сауалнамалық деректерін, жақын туыстары және кәмелетке толмағандарға ықпал ете алатын адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелерді анықтайды.

Кәмелетке толмағанмен әңгімелесу жүргізгеннен кейін осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша одан қолхат алады, жүргізілген әңгімелесу нәтижесі жөнінде анықтама толтырады, ол кәмелетке толмағандардың бақылау ісіне тігіледі. Қолхатта және әңгімелесу-анықтамасында кәмелетке толмағанның және оның жақын туысының немесе әңгімелесу жүргізу кезінде қатысқан адамның қолы қойылуы тиіс;

б) кәмелетке толмағанды есепке қойған күні бір тәулік ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, есепте тұрғанның жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігіне, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органына (әскерге шақырылатын жастағы жасөспірімдерге қатысты) осы Қағидаға 21, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша оны есепке қою туралы хабарлама жолданады;

7) іздестіруде жүрген кәмелетке толмағандар ұсталған кезде, сұрау жүргізу және сотталғанның жаза өтеуден жалтаруына мүмкіндік туғызған себептер мен жағдайларды анықтау үшін тез арада ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар шақыртылады.

41. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды ескерту мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) ай сайын кәмелетке толмағанның мекенжайына, оқу немесе жұмыс орнына барады, ата-анасын немесе оларды алмастыратын адамдардың қатысуымен онымен профилактикалық сипатта әңгімелесу жүргізеді;

2) сотталғандар жол берген қандай да бір құқық бұзушылықпен байланысты мән-жайларды анықтау үшін кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе оларды алмастыратын адамдарды, сондай-ақ осы мәселеге қатысты басқа да адамдарды шақырады және олардан, сондай-ақ кәмелетке толмағаннан түсініктеме талап

е т е д і ;

3) егер ата-аналары кәмелетке толмаған тарапынан қандай да бір құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызған жағдайда, Пробация қызметі ПО-ға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарға мәлімет үшін хабарлама жолдайды, хабарламаның көшірмесін сотталғанның бақылау ісіне тігеді;

4) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының лауазымды тұлғаларынан кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ бақылау ісіне қоса тігу үшін қажетті а қ п а р а т т а р д ы с ұ р а т а д ы .

42. Сотталған 18 жасқа толған кезде ересектердің санатына ауыстырылады.

5. Шартты түрде сотталғандарды Пробация қызметінің есебінен шығарудың тәртібі

43. Сынақ мерзімі өткен соң шартты түрде сотталғанның жүріс-тұрысына пробациялық бақылау тоқтатылады және ол Пробация қызметінің есебінен а л ы н а д ы .

44. Сотталғанды Пробация қызметінің есебінен шығаруды растайтын негізгі қ ұ ж а т т а р :

1) шартты түрде соттаудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;
2) өндірістегі істі тоқтатуға байланысты үкімнің күшін жою туралы соттың ұ й ғ а р ы м ы , қ а у л ы с ы ;

3) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген қ ұ з ы р е т т і органдардың қ ұ ж а т т а р ы ;

4) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енген өкіммен қ о с а с о т ү к і м н і ң к ө ш і р м е с і ;

5) сотталғанның қайтыс болғаны туралы аумақтық әділет органының а н ы қ т а м а с ы ;

6) сотталғанның бақылау істерінің жаңа тұрғылықты жері бойынша алынғаны және Пробация қызметіне есепке қойылғаны туралы хабарлама;

7) сотталғанның келгені және есепке қойылғаны жөнінде әскери бөлімнің х а б а р л а м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

45. Сотталғанды есептен шығару күні осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПО бөліністеріне, көші-қон полициясына, сондай-ақ осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шынайы әскери қызметке шақырылуға жататын адамға қатысты жергілікті әскери басқару органына х а б а р л а м а ж о л д а н а д ы .

46. Сотталғанды есептен шығару күні мен негізі жөнінде сотталғандарды есепке алу журналында және бақылау ісінде белгі жасалады. Есептен

шығарылған сотталғандардың бақылау істері мұрағатқа тапсырылады.

47. Жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін Пробация қызметі қызмет көрсететін аумақтан тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты кеткен адамдарға жаңа тұрғылықты жері бойынша хабарлама жолданады. Егер Пробация қызметінің тұрғылықты жері белгісіз болса, хабарлама тиісті облыстың Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орындау үшін жолданады.

48. Пробация қызметі бастығының қолы қойылған және мөрмен расталған бақылау істері тапсырыс пошта арқылы сотталғанның жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметінің сұрау салуы бойынша жолданады. Сотталғандардың жаза өтеуінің жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі бақылау істерді алғаны жөнінде құжат жолдаған Пробация қызметіне тез арада растау жолдайды.

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

1-қосымша

Нысан

Б Е К І Т Е М І Н

төрағасы

(с о т т ы ң а т а у ы)

(т е г і , а т ы - ж ө н і)

20__ жылғы " __ " _____

20__ жылғы _____ тоқсанда _____

(аудан, қала)

ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ИНСПЕКЦИЯСЫНА ОРЫНДАУҒА КЕЛІП ТҮСКЕН

ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАҒА

СОТТАЛҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҮКІМДЕРДІ

САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ

Р/с №	Аты-жөні, туған күні	Қ Р ҚК-нің бабы	Үкімді шығарған күні	Жазалау шарасы	Үкімнің заңды күшіне енген күні	Есептен шығару күні	Соттың үкімді Инспекцияға жолдаған күні	Үкімнің Инспекцияға келіп түскен күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кеңсесінің

басшысы

(с о т т ы ң

а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____
Қылмыстық-атқару инспекциясы
пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидасына
2-қосымша

Нысан
Б Е К І Т Е М І Н
_____ облысы бойынша
ҚСЖАЕК бастығы _____
(т е г і , а т ы - ж ө н і)
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

**20__ ЖЫЛҒЫ _____ ТОҚСАНДА ҚОҒАМНАН
ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ
ШЫҒАРЫЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ 1-НЫСАНДАҒЫ ӘЛІПБИЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ
КАРТОЧКАЛАРЫ БОЙЫНША
САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

Р / с №	Аты-жөні	Туған күні	Қашан және қандай сот соттады	Хабарламалар мен карточканың келіп түскен күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

Салыстыра тексеру актісін жасаған:
_____ облысы бойынша
ҚСЖАЕК бөлімінің прокуроры

_____ (тегі, аты-жөні) _____ (қолы)
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

3-қосымша

Нысан

**20__ жылғы _____ арналған
іздестірудегі сотталған адамдар бойынша
САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруде тұрған сотталған адамдардың саны	Есеп беру кезеңінің соңында іздестіру жарияланған сотталған адамдардың саны	Есеп беру кезеңінің соңында іздестіруден алынған сотталған адамдардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

Салыстыра тексеру жүргізгендер:

_____ (о р г а н н ы ң а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

_____ бастығы

_____ (жедел іздестіру бөлінісінің атауы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

4-қосымша

Нысан

**20__ жылғы _____ тоқсанда қоғамнан
оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандарға
қатысты шығарылған күзет карточкалары бойынша
САЛЫСТЫРА ТЕКСЕРУ АКТІСІ**

Есеп беру кезеңінің соңында Пробация қызметінің есебіне қойылғандар саны	Құжаттандыру және тіркеу бөліміне қойылған күзет карточкаларының саны	20__ жылғы _____ тоқсанда есептен шығарылған сотталғандардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

Салыстыра тексеру жүргізгендер:

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)
(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ (тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы « ____ » _____

_____ бөлім (бөлімше) бастығы
(құжаттандыру және тіркеу бөлімінің атауы)

_____ (тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы « ____ » _____

Қылмыстық-атқару инспекциясы
пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидасына

5-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

(аумақтық органның атауы) Шартты түрде сотталғандарды есепке алу
ЖУРНАЛЫ

20__ жылғы « ____ » _____ басталды:

20__ жылғы « ____ » _____ аяқталды:

Сақтау мерзімі _____

(ішкі мазмұны)

Рет. №	Тегі, аты-жөні туған жылы	Тұрғылықты жері	Қашан, қандай сот, қандай бап бойынша соттады	Үкімнің заңды күшіне енген күні	Шартты түрде сотталғанның мерзімі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Есепке қойылған күні	Ж а з а мерзімінің аяқталу күні	Есептен шығарылған күні мен негіздемесі	Жазаны бас бостандығына алмастыру (сынақ мерзімін ұзарту) үшін сотқа ұсыныс жіберілген күн	Мерзімінен бұрын босату үшін сотқа ұ с ы н ы с жолданған күн	Ескертпе
7	8	9	10	11	12

Қылмыстық-атқару
пробация
ұйымдастыру
б-қосымша
Нысан

қызметінің

инспекциясы
жұмысын
қағидасына

Сот шешімін орындауға қабылдау туралы ХАБАРЛАМА

(соттың атауы,

оның орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы бойынша
сотталған _____

(тегі, аты-жөні және туған жылы)

_____ сотының «___» _____ 20 __ жылғы

үкімнің көшірмесі 20 __ жылғы «___» _____ алынғанын және атқаруға
қабылданғанын хабарлаймыз.

Сотталған _____ мінез-құлқы бақылауға қойылды.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

(қолы)

20 __ жылғы «___» _____

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

7-қосымша

Нысан

БАҚЫЛАУ-МЕРЗІМДІК КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы _____

(кү н і , ж а з а т ү р і)

Шартты түрде босатуға ұсынылған күн
201 жылғы «__» _____
Т.А.Ә. _____
Есепке алынды _____
Жеке (бақылау) іс № _____
Карточканы _____ толтырды

_____ (о р г а н н ы ң а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы)
Қылмыстық-атқару _____ инспекциясы
пробация қызметінің _____ жұмысын
ұйымдастыру _____ қағидасына
8-қосымша
Нысан

КҮЗЕТ КАРТОЧКАСЫ

Мерзімнің аяқталуы 20 __ жылғы «__» _____
Жаза мерзімін өзгерту туралы белгі _____

_____ (тегі, аты-жөні, туған жылы)
_____ және жері, тұрғылықты жері)

20 __ жылғы «__» _____ (с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабына сәйкес _____
_____ (сынақ мерзімінің ұзақтығы)

_____ сотталды.

Сотталған тұрғылықты жері бойынша тіркелу есебінен шығару туралы өтініш
білдірген кезде тез арада _____ (инспекцияның атауы)

қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне мына телефон _____
__ арқылы хабарлансын.

20__ жылғы «__» _____ тіркелу есебінен шығарылды
20__ жылғы «__» _____ қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне хабарланды

_____ (о р г а н н ы ң а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы)
20__ жылғы «__» _____
Қылмыстық-атқару _____ инспекциясы
пробация _____ қызметінің _____ жұмысын
ұйымдастыру _____ қағидасына
9-қосымша
Нысан

ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу жүргізілген күн	Шартты сотталғанның қолы	Тіркеуді жүргізген адамның тегі	Ескертпе
1	2	3	4

Қылмыстық-атқару _____ инспекциясы
пробация _____ қызметінің _____ жұмысын
ұйымдастыру _____ қағидасына
10-қосымша
Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

_____ (аумақтық органның атауы)

№ _____ БАҚЫЛАУ ІСІ

_____ (шартты сотталғанның,
_____ тегі, аты-жөні, туған жылы)

20__ жылғы «__» _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша _____ мерзімге сотталды.

20_ жылғы «__» _____ есепке алынды

20_ жылғы «__» _____ есептен шығарылды

Істегі парақтар саны: _____

Қылмыстық-атқару инспекциясы
пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидасына

11-қосымша

Нысан

жергілікті әскери басқару органы

(Ж Ә Б О а т а у ы)

ХАБАРЛАМА

Әскери есепке алынған _____

(тегі, аты-жөні)

19_ жылғы «__» _____ туған, тұрғылықты жері _____

20_ жылғы «__» _____

(с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша
_____ сотталған.

(түрі және жаза мерзімі)

Шартты түрде сотталғанның қылмыстық-атқару инспекциясы пробация
қызметінің есебінен шығарылғаны туралы қосымша хабарланады.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

(қолы)

20_ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару инспекциясы
пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидасына

12-қосымша

Нысан

ҚОЛХАТ

Мен, _____
(тегі, аты-жөні, туған жылы,

_____ тұрғылықты жері, телефоны)

20__ жылғы «__» _____ сотымен
(с о т т ы ң а т а у ы)

_____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бойынша

_____ (ж а з а м е р з і м і)

_____ (шартты түрде сотталу мерзімі)

_____ сотталдым.

Менің жүріс-тұрысыма пробациялық бақылауды жүзеге асыру, маған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, маған қатысты пробациялық бақылауды т о қ т а т у ;

сот жүктеген міндеттерді орындау, оларды орындамағаным, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаным үшін жауапқа тартылу тәртібімен т а н ы с т ы м ,

о с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

- пробациялық бақылауды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін сақтауға;
- шақыру бойынша, сондай-ақ қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі белгілеген күндері тіркелуге келуге;
- сот жүктеген міндеттерді орындауға;
- қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасамауға;
- жаңа қылмыстарды жасамауға;
- жүріс-тұрысыма бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерінің заңды т а л а п т а р ы н а б а ғ ы н у ғ а ;
- жүріс-тұрысыма бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлеріне тіл тигізуге немесе оларға қатысты күш көрсету әрекеттеріне жол бермеуге;
- электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзуға (бүлдіруге) жол бермеуге ;

- қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерімді ауыстырмауға;

- пробациялық бақылаудан жалтаруға жол бермеуге міндеттенемін.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындамағаным, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің бақылауынан жалтарғаным үшін жауапқа

тартылатындығым және жоғарыда аталған құқық бұзушылықтарды жасаған, сондай-ақ белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда менің сынақ мерзімім ұзартылатындығы немесе шартты соттаудың күші жойылатындығы жөнінде ескертілдім.

20__ жылғы «__» _____

_____ (сотталғанның қолы)

Қ о л х а т а л ғ а н :

----- (о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

----- (атағы, тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

13-қосымша

Нысан

Сотталғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы қаулы

Мен, _____

(инспекцияның атауы, бастықтың орнындағы адам)

_____ бастығы _____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____

_____ (с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша

_____ (ж а з а м е р з і м і)

_____ (бас бостандығын шектеу, шартты соттау)

сотталған _____

_____ (т е г і , а т ы - ж ө н і)

материалдарын қарап,

анықтадым:

_____ (электрондық бақылау құралдарын орнатудың қажеттілігін дәлелдейтін

_____ себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 53-бабының 1-тармағын, 182-бабының 1-тармағын басшылыққа алып,

қаулы еттім:

_____ электрондық бақылау құралдары
(электрондық бақылау құралдарының атауы)
сотталған _____ қатысты қолданылсын.
(тегі, аты-жөні)

Тұрғылықты жері бойынша электрондық бақылау құралдарын орнату (күні)
мерзімі _____ (_____)
электрондық бақылау құралдарын орнату күнімен таныстыру туралы
оператордың қолы)

_____ (органның атауы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

М.О.

Қаулымен таныстым: _____
(қолы) _____ (тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____

Мен, _____, электрондық бақылау құралын
(тегі, аты-жөні)

жоғалтқан не зақым келтірген, жойған кезде және осыған байланысты ерікті түрде келтірілген залалды өтеуден бас тартқан жағдайда, аталған мәселе заңмен белгіленген тәртіпте шешілетіндігі туралы таныстым.

(сотталғанның қолы)

Қылмыстық-атқару

пробация

қызметінің

инспекциясы

жұмысын

Шартты түрде сотталғанның электрондық бақылау құралдарын пайдалану жөніндегі жаднаманы алу туралы қолхаты

Сотталған _____ (сотталғанның т.а.ә.) _____ мерзімге

(электрондық бақылау құралының түрі көрсетіледі) _____ электрондық бақылау құралдары тағылды.

(іс-әрекет ету аумағы, қуат беру затын ауыстыру мерзімі, басқа да сипаттамасы)

_____ аралығында аталған құралды пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Т а н ы с т ы р ғ а н :

(о р г а н н ы ң _____ а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы) _____

20__ жылғы «__» _____

Жаднаманы алды: _____
(сотталғанның тегі, аты-жөні) _____ (қолы) _____

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару _____ инспекциясы
пробация _____ қызметінің _____ жұмысын
ұйымдастыру _____ қағидасына

(инспекцияның атауы)

Электрондық бақылау құралдары арқылы шартты түрде сотталғандардан анықталған заң бұзушылықтарды есепке алу журналы

20___ ЖЫЛҒЫ «___» _____ басталды
 20___ ЖЫЛҒЫ «___» _____ аяқталды
 (журналдың ішкі беті)

Р/с №	Сотталғанның Т.А.Ә.	Заң бұзушылықты жасаған күні, уақыты, жасаған орны	Жол берген заң бұзушылықтың қысқаша мазмұны	Тексеру өткізу үшін материалдарды алған қызметкердің тегі, күні және қолы	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: шартты түрде және бас бостандығын шектеуге сотталғандарға арналған есепке алу журналы бөлек басталады.

Қылмыстық-атқару
 проба сия ұйымдастыру
 16-қосымша

инспекциясы
 жұмысын
 қағидасына

(инспекцияның атауы)

Шартты түрде сотталғандардағы электрондық бақылау құралдарының ақауларын есепке алу журналы

20___ ЖЫЛҒЫ «___» _____ басталды
 20___ ЖЫЛҒЫ «___» _____ аяқталды
 (журналдың ішкі беті)

Р/с №	Аудиовизуальдық, электрондық және өзге де техникалық қадағалау және бақылау құралының сәйкестендіру нөмірі	Анықталған ақаудың күні, уақыты және сипаты	Қабылданған шаралар	Ақауды қалпына келтірген күн және уақыт	Ақауды қалпына келтірген адамның тегі және қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қылмыстық-атқару
 проба сия ұйымдастыру
 17-қосымша

инспекциясы
 жұмысын
 қағидасына

Сотталғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру) туралы қаулы

Мен, _____
(инспекцияның атауы, бастықтың орнындағы адам)

_____ бастығы _____
(лауазымы, тегі, аты-жөні)

20_ жылғы «__» _____
(с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша _____
(ж а з а м е р з і м і)

_____ (ш а р т т ы с о т т а у)
сотталған _____
(т е г і , а т ы - ж ө н і)

материалдарын қарап,

анықтадым:

_____ (электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру))

_____ қажеттілігін дәлелдейтін себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 53-бабының 1-тармағын, 182-бабының 6-тармағын басшылыққа алып,

қаулы еттім:

_____ электрондық байқау құралдарын
(электрондық бақылау құралдарының атауы)
сотталған _____ қатысты қолдану
(т е г і , а т ы - ж ө н і)

алып тасталсын _____ (ауыстырылсын).

(қажетсізін сызу керек)

(о р г а н н ы ң _____ а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

(қолы)

20__ жылғы «__» _____

М.О.

Қаулымен таныстым: _____

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық - атқару

пробация

ұйымдастыру

18-қосымша

инспекциясы

жұмысын

қағидасына

(инспекцияның атауы)

Электрондық бақылау құралдарындағы ақауды анықтау туралы акті

Мен, _____

(инспекцияның атауы, бастықтың орнындағы адам)

_____ бастығы _____

(тегі, аты-жөні)

Куәгерлер: 1. _____

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

2. _____ қатысуымен

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

сотталған _____ бекітілген

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

(электрондық бақылау құралының атауы көрсетіледі)
электрондық бақылау құралындағы ақаудың себебін қарап,

анықтадым:

(электрондық бақылау құралындағы ақаудың себебі көрсетіледі,

сотталғанның кінәлі дәрежесі)

Баяндалғанның негізінде,

қаулы еттім:

Электрондық бақылау құралдары сотталғанның кінәсіне (басқа себептер бойынша) байланысты жарамсыз болған, осыған байланысты
(қажетсізін сызу керек)

(сотталғанның кінәсі анықталған жағдайда, азаматтық тәртіпте
сотталған келтірген залалды өтеу үшін сотқа материалдар жолданады,
ақаулар анық болмаған кезде құрал сараптамаға жолданады)
ұсынамын.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)
----- бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

М.О.

Актімен таныстым: _____
(қолы) (сотталғанның тегі, аты-жөні)

Куәгерлер: 1. _____
(тегі, аты-жөні)

2. _____
(тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық - атқару инспекциясы
пробация қызметінің жұмысын
ұйымдастыру қағидасына
19-қосымша

(соттың атауы)

ҰСЫНЫМ

Мен, _____
(аумақтық органның атауы, лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____

(с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабы _____ бойынша

(жа за м е р з і м і ж әне т ү р і)

_____ сотталып,

2012 жылғы «__» _____ бастап қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебіне алынған сотталған _____

(т е г і , а т ы - ж ө н і)

_____ материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

_____ (шешілетін мәселеге және сотталғанның санатына байланысты: ұсыным

шығарған кезеңдегі жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі,

_____ сотталғанды сипаттайтын мәліметтер, оның мінез-құлқы, еңбекке деген

_____ көзқарасы, оған сот жүктеген міндеттерді орындауы, бала тәрбиелеу

_____ мен оған қарау міндеттері, қашан және қандай жазаны өтеу тәртібін

_____ бұзғаны, қоғамдық тәртіптің, алып келулер, ескертулер

_____ қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің ескертуді қашан

_____ шығарғаны, сотталғанның денсаулық жағдайы туралы, сонымен қатар

_____ тұрғылықты жері белгісіз тұлғаларға, қылмыстық-атқару инспекциясы

_____ пробация қызметінің бақылауынан және жазаны өтеуден жалтару

_____ мақсатында бой тасалаған және бастапқы іздестіру іс-шараларының

_____ нәтижелері көрсетіледі)

Баяндалғанды ескере отырып және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің _____ басшылыққа алып,

(Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабы көрсетіледі)

_____ соты

(с о т т ы ң а т а у ы)

шартты түрде сотталған _____ қатысты

(а т ы - ж ө н і)

_____ (мерзімінен бұрын босату,

шартты сотталудың күшін жою немесе соттылығын алып тастау,

сынақ мерзімін ұзарту немесе пробациялық бақылауды күшейту,

_____ іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану,

_____ мәселені шешу үшін

_____ іздестіруді тоқтату және т.б.

материалдарды сотқа жолдау мақсатқа сай деп ұйғарамын.

Қосымша _____ парақта.

М.О.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

(қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару

пробация

ұйымдастыру

20-қосымша

қызметінің

инспекциясы

жұмысын

қағидасына

Шартты түрде соттаудың күшін жою туралы

ЕСКЕРТУ

Мен, _____ қылмыстық-атқару

(жергілікті органның атауы)

инспекциясы пробация қызметінің _____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы «__» _____ қылмыстық-атқару инспекциясының пробация

қызметіне _____

(сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тартуының нақты

фактілері, қашан, қандай қоғамдық тәртіпке қол сұғатын заң бұзушылыққа жол бергені,

о л

ү ш і н

жол бергені үшін,

оған салынған әкімшілік жаза көрсетіледі)

сотталған _____ шақырттым.

(тегі, аты - жөні)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабын және Қылмыстық-атқару кодексінің 184-бабын басшылыққа алып, сотталған _____, егер шартты түрде сотталған адам өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, электрондық бақылау құралдарын қасақана бүлдірген, дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда, оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған, заңды талапқа бағынбаған, сол сияқты шартты түрде сотталған адамның жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық-зомбылық іс-әрекеттер жасаймын деп қорқытқан жағдайда не егер де ол бақылаудан жасырынса, оған қатысты шартты түрде соттаудың күші жойылуы мүмкін екендігі туралы ескертілді.

_____ (о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Осы ескерту маған жарияланды _____

(сотталғанның қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару _____

инспекциясы _____

пробация _____

қызметінің _____

жұмысын _____

ұйымдастыру _____

қағидасына _____

21-қосымша _____

_____ (ПО немесе қамқорлық жасау органының атауы)

бастығы _____

(тегі, аты жөні)

ХАБАРЛАМА

Сізге осы мекенжай _____
бойынша 20__ жылғы «__» _____ Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____
бабымен _____

(жаза түрі және мерзімі, сотталған туралы қосымша мәліметтер,

сот жүктеген міндеттер, бұрынғы соттылығы және т.б.)

кәмелетке толмаған сотталған _____ тұратындығын
(тегі, аты - жөні)

хабарлаймыз.

Баяндалғанды ескере отырып, кәмелетке толмаған _____

_____ (тегі, аты-жөні)

жүріс-тұрысы және онымен өткізілген тәрбие жұмысы жөнінде
қылмыстық-атқару инспекциясын хабарлауыңызды сұраймын.

_____ (о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні)

_____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару

инспекциясы

пробация

қызметінің

жұмысын

ұйымдастыру

қағидасына

22-қосымша

_____ бастығы

_____ (тегі, аты жөні)

ХАБАРЛАМА

Азамат(ша) _____

(тегі, аты-жөні және туған жері)

_____ (тұрғылықты жері)

20__ жылғы «__» _____
(с о т т ы ң а т а у ы)

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабымен _____
_____ сотталған, қылмыстық-атқару
(ж а з а т ү р і)

инспекциясы пробация қызметінің есебінен _____
_____ (есептен шығару негіздемесі)

байланысты шығарылды.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)
_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

_____ (атағы, тегі, аты-жөні) _____ (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Қылмыстық-атқару _____ инспекциясы
пробация _____ қызметінің _____ жұмысын
ұйымдастыру _____ қағидасына

23-қосымша

жергілікті әскери басқару органы

(Ж Ә Б О а т а у ы)

ХАБАРЛАМА

Осы мекенжайда _____
_____ тұратын,
әскери есепке алынған _____
(т е г і , а т ы - ж ө н і)

19__ жылғы «__» _____ туылған, 20__ жылғы «__» _____
_____ байланысты

_____ (есептен шығару негізі көрсетіледі)
қылмыстық-атқару жүйесі инспекциясы пробация қызметінің есебінен
шығарылды.

(о р г а н н ы ң а т а у ы)

_____ бастығы (аға инспекторы, инспекторы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы) _____
20__ жылғы «__» _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК